



№2 (96) ақпан 2024 жыл

OZEN

«Өзенмұнайгаз» АҚ корпоративті журналы

ӘР ІСТІ ӨЗ МАМАНЫНА ТАПСЫРСА, КОМПАНИЯ ДАМИДЫ!

www.ozen.kz



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
корпоративті журналы

МЕНШІК ИЕСІ:
 **ӨзенМұнайГаз**
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

№2 (96) ақпан 2024 жыл

Басылым Қазақстан
Республикасы Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г
күәлігі берілген

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ:
Жұртшылық және
мемлекеттік органдармен
байланыс бөлімі

Бас редактор:
Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Журналист:
Жазира АҚБЕРГЕНОВА

Дизайн және беттеуші:
Ғалия ҚҰРМАН

Орындаушы:
«Қазына production» ЖК

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8/72934/63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалын көшіріп
басуға редакция рұқсаты қажет.

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында
басылды

МАЗМҰНЫ

АЯЛЫ АЛАҚАН:

**«БАЛАҚАЙМЕН»
БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ**



ӨНДІРІСТІҢ ӨЗ
АДАМЫ:

**ТРАКТОРШЫ
ӘКЕ 4 ҰЛДЫ
ШОПЫР ЕТТІ**

14

ӨНДІРІС ХАНЫМЫ:

**ӘР ТАҢДЫ
КҮЛІП ҚАРСЫ
АЛАТЫН ЖАН**

20



ТАРИХ

**МАҢҒЫСТАУДЫҢ
ШӨЛЕЙТТИ САРЫ
ДАЛАСЫНДА ҚАЗБА
БАЙЛЫҚТАРДЫ
ІЗДЕУ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ
ОРТА ШЕНІНДЕ
БАСТАЛҒАНЫМЕН,
ЖЕР ШАЛҒАЙЛЫҒЫ,
ҚҰРҒАҚ АЯЗ, АПТАП
ЫСТЫҚ, ЖЫЛДЫҢ
ҚАЙ МЕЗГІЛІНДЕ ДЕ
ШАҢ БОРАП ТҰРАТЫН
АУА-РАЙЫ МҮМКІНДІК
БЕРМЕДІ. ТҮБЕКТЕ
ҮЛКЕН МҰНАЙ ҚОРЫ
БАР ЕКЕНІН ӘР КЕЗДЕ
КЕЛГЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕР,
ГЕОЛОГТАР,
ГЕОГРАФТАР АЙТЫП
КЕТІП ОТЫРДЫ.**

”

«ЕГЕР СІЗ ШӨЛЕЙТ ДАЛАНЫҢ ДҮЛЕЙ ЖЕЛІ МЕН ШАМАДАН
ТЫС ЫСТЫҒЫНЫҢ ТАБИҒАТҚА ҚАНШАЛЫҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ӘКЕЛЕТІНІН КӨРГІҢІЗ КЕЛСЕ, ОҒАН МАҢҒЫСТАУДАН БАСҚА
ЖЕРДІ ТАБА АЛМАЙСЫЗ. ОСЫ ШАҒЫН КЕҢІСТІКТІҢ ӨЗІНДЕ
«СИҚЫРЛЫ САНДЫҚТА» ЖИНАУЛЫ ТҰРҒАНЫН КӨРЕСІЗ. АДАМ
ҚОЛЫ ТИМЕГЕН СОЛ САНДЫҚТА ОРАСАН БАЙЛЫҚТАР ЖАТЫР.
УАҚЫТЫ КЕЛГЕНДЕ МЕҢІРЕУ МАҢҒЫСТАУ ТАЛАЙ ҚАЗБА
БАЙЛЫҚТАР ӨНДІРІЛЕТІН ЖӘНЕ ӨҢДЕЙТІН ІРІ ӨНДІРІСТІК
ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛАТЫН БОЛАДЫ».

Б. ФЕДОРОВИЧ,
табиғат зерттеуші

МАҢЫЗДЫ ЖЫЛДАР



Танымал орыс географы Г.С.Карелин, 1847 жылы геолог
Н.Андрусов Закаспий өлкесінде геологиялық зерттеуін
қолға алады. 1911 жылы геолог-ғалым М.Баярунас Түбіжік
жерінен мұнай ауданын тауып, түбек байлығын ашуға көп
үлес қосты. Баярунаспен бірге Бомбей университетінің тү-
легі, геолог О.Тұрмағанбетұлы өлкемізде геологиялық бар-
лау жұмыстарын жүргізген экспедиция жорығына ат салы-
сып, Маңғыстау кен байлығын ашуға септігін тигізді.

Өлкені зерттеуге соғыстан кейінгі жылдары Бүкіло-
дақтық геологиялық барлау институты білек сыбана кірісті.
Қазақстан Ғылым Академиясының Президенті Қаныш
Сәтбаевтың басшылығымен кен байлықтың жаңа көз-
дерін халық шаруашылығына кәдеге асырудың кең көлемді
бағдарламасы жасалды. 1955 жылдан бастап сейсмикалық
зерттеулер тұрақты түрде жүргізіліп, 1957 жылы «Қазақстан
мұнай» өндірістік бірлестігінің жанынан «Мангылшакнефте-
газ разведка» тресі құрылды. Орталығы – Форт-Шевченко
қаласы болды.

«ЫСЫРАПСЫЗ КӨЗҚАРАС» МЕТОДОЛОГИЯСЫ

**КОМПАНИЯ – БҰЛ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰРУҒА
АРНАЛҒАН ӨНДІРІСТІК ЖҮЙЕ. ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕСІ –
МҰНАЙ, ГАЗ, МҰНАЙДАН АЛЫНҒАН ӨНІМДЕР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН
ӨНДІРІСТІК ЖҮЙЕДЕН «ҚАЗМҰНАЙГАЗҒА» ҚАРАСТЫ КОМПАНИЯЛАР
ТОБЫ ДА ТЫС ҚАЛМАҚ ЕМЕС. ӨНДІРІСТІК ЖҮЙЕНІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРІП ОТЫРУ – ҚМГ БАСШЫЛЫҒЫ АЛДЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ
МІНДЕТТІҢ БІРІ.**

Бүгінде ҚМГ-да қолданысқа енгізілген өндірістік жүйені қайта құру процестері басталды. Жетілдіруде негізгі басымдық – компания қызметкерлері санасындағы «Ысырапсыз көзқарас» дүниетанымының қалыптасуына беріледі.


Мұнай мен газ өндіру саласының көшбасшы компаниялар тәжірибесі – ысыраппен күресуге, өндіретін өнім мен көрсететін қызмет сапасын арттыруға бағытталған басқару әдістерінің тиімділігін дәлелдеді. Аталмыш басқару әдістері компания қызметінің бүкіл саласында үздіксіз жетілдіруге бағытталған өндірістік жүйенің негізін құрайды.

ҚМГ жаңа өндірістік жүйесін «шаңырақ» формасында ұсынуға болады. Біртұтас өндірістік жүйені құру үшін – сенімді «шаңырақтың» іргетасы, тіректері мен төбесі мықты болуы шарт.

Жүйе негізінде қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын тудыру, қызметкерлерді дамыту, жұмыста орын алатын ысыраппен күресуге қатыстыру, ең бастысы – көшбасшылық және процестерді жетілдіру мәдениетін құру болып табылады.

Қолдау элементтері – «тіректер» – ҚР және көптеген шетелдік компанияларда өз тиімділігін дәлелдеген құралдар мен әдістемелер өндірістік жүйеде әрекет етеді:

- Стандартталған жұмыс;
- Визуалды басқару;
- Жабдыққа әмбебап қызмет көрсету (TPM);
- «Дәл уақытында» (JIT);
- Құндылықтар ағыны процесінің сипаттамасы;



- Мәселені жүйелі шешу әдісі;
- Жұмыс орнында оқыту (TWI);
- Өндіріс процестерін теңестіру.

Өндірістік жүйенің «Шаңырағын» құрудың мақсаты өзара интеграцияланған ақпараттық жүйелер негізінде компанияны басқарудың бірыңғай жүйесін құру болады.

Өндіріс жүйесін қайта құрудың мақсаты:

- ✓ қызметкерлерді тұрақты жақсартуға (жетілдіруге) бағыттау арқылы мәдениет пен менталитетті өзгерту;
- ✓ қызметкерлердің қатысуын және басқару сапасын арттыру;
- ✓ озық және үздік тәжірибелер негізінде процестерді стандарттау;
- ✓ тиімділікті арттыратын әлеует құпияларын үздіксіз іздеу;
- ✓ ысырапты жою арқылы операциялық тиімділікті арттыру;
- ✓ күнделікті іс-әрекетте үздіксіз жетілдіру процестерін қалыптастыру және енгізу;
- ✓ қызметкерлерді үздіксіз оқыту және дамыту.

Өндірістік жүйенің құралдары мен әдістеріне бейімдеу арқылы маңызды жобаны енгізу мақсатында пилоттық еншілес қоғам ретінде «Өзенмұнайгаз» АҚ таңдалды.

Сынақ сәтті өткен жағдайда өндірістік жүйе элементтері ҚМГ-ға қарасты өзге де компанияларға таратылады.

«Ысырапсыз көзқарасты» енгізу барысы туралы толығырақ ақпарды келесі жарияланымдардан оқи аласыз.

«БАЛАҚАЙМЕН»

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСТАМАСЫМЕН 2021 ЖЫЛЫ НАУРЫЗДА АШЫЛҒАН «БАЛАҚАЙ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДА ЖЫЛЫНА 500-ГЕ ЖУЫҚ БАЛА ЕМ АЛАДЫ.

«БАЛАҚАЙҒА» 2023 ЖЫЛЫ «МҰНАЙШЫ ҚАМҚОРЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ АРҚЫЛЫ 60 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ЕРІКТІ АУДАРЫМ ЖАСАЛСА, МЕДИЦИНАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ЕСЕБІНЕН 4 МИЛЛИОН 446 МЫҢ ТЕҢГЕ АУДАРЫЛДЫ. БҰЛ ҚАРАЖАТ ОРТАЛЫҚ МАМАНЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ, БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСАРЫ, ТИІСТІ ҚҰРАЛДАР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫ, ӨЗГЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУГЕ ЖҰМСАЛДЫ.

МҰНАЙШЫЛАР ЖАЛАҚЫСЫНАН АЙ САЙЫН ЕРІКТІ ТҮРДЕ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ҚАРАЖАТ АУДАРЫП, САУАПТЫ ІСКЕ АТ САЛЫСЫП КЕЛЕДІ.



2024 ЖЫЛЫ ЕРІКТІ ТҮРДЕ ЖИНАЛАТЫН ҚАРЖЫ СОМАСЫ АРТЫП, ОРТАЛЫҚ МАМАНДАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ САЛЫҚТАРДЫ ЕСЕПТЕМЕГЕНДЕ ҚОСЫМША 50 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ АРТТЫ.

ҚАЛА БОЙЫНША НЕВРОЛОГИЯ АУРУЫМЕН АУЫРАТЫН 1000-НАН АСТАМ БАЛА БОЛСА, ОРТАЛЫҚҚА 600-ДЕЙ БАЛА ТІРКЕЛГЕН.

«БАЛАҚАЙ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ ОЙ-ӨРІСІ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН, САЛ АУРУЫ, АУТИЗМ, ГЕМИПАРЕЗ, ТҮРЛІ НЕВРОЛОГИЯ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН 1 ЖАСТАН 16 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕМДЕЙДІ.

БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

ОРТАЛЫҚТА НЕВРОЛОГ ДӘРІГЕР, ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНЫ, МАССАЖШЫ, ЛОГОПЕД, ПСИХОЛОГ, МЕДБИКЕ, ЭРГОТЕРАПЕВТ, ФИЗИОМЕДБИКЕ, ӘКІМШІ ЖӘНЕ ТАЗАЛЫҚ МАМАНДАРЫ, ЖАЛПЫ 20 ШАҚТЫ АДАМ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ.

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» ҚОРЫ «БАЛАҚАЙ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНА 40 МЛН ТЕҢГЕ БӨЛІП, ОРТАЛЫҚҚА ҚАЖЕТТІ ОЗЫҚ ЕЛДЕРДЕ ЖАСАЛҒАН 25 ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫН АЛЫП БЕРДІ.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ОРТАЛЫҚҚА ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК КӨРСЕТІП, 3 МЛН ТЕҢГЕ ҚАРАЖАТ АУДАРДЫ.



ОРТАЛЫҚТА ЖҮРІСТІ ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРЕТІН «MERCURY MED» ОҢАЛТУ КЕШЕНІ, ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУҒА ҮЙРЕТЕТІН «БИОКИНЕКТ» СТАБИЛОМЕТРИЯЛЫҚ КЕШЕНІ, «АКСИОН» ВАКУУМДЫҚ МАССАЖЕРІ, ҚОЗҒАЛЫСТЫ РЕТТЕЙТІН «AB Nur Oy» ПНЕВМАТИКАЛЫҚ ЖАБДЫҒЫ, АТҚА МІНУДІ МОДЕЛЬДЕЙТІН ТРЕНАЖЕР, «MOTOMED» ВЕЛОТРЕНАЖЕРІ ҚОЛДАНЫСТА.

КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН «БАЛАҚАЙ» ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДА 37 БАЛА АЯҒЫНА ТҰРЫП, 25 БАЛАНЫҢ ТІЛІ ШЫҚТЫ.

БЕЛІН, МОЙНЫН ҰСТАЙ АЛМАЙ, ОТЫРА АЛМАЙТЫН БАЛАЛАР ОРТАЛЫҚ МАМАНДАРЫНЫҢ ЕМІНЕН КЕЙІН ДЕНЕСІН БИЛЕП, ОТЫРА БАСТАЙДЫ. ЕҢБЕКТЕП, ОРНЫНАН ТҰРЫП, АЯҚТЫ ҰШЫМЕН БАСЫП, ЖҮРІП КЕТЕДІ. ДЫБЫС ШЫҒАРЫП, ӘРІПТЕРДІ АНЫҚ АЙТАДЫ. ҚОЛҒА ҚАСЫҚТЫ, ОЙЫНШЫҚТЫ ҚЫСЫП ҰСТАП, АЯҚ КИІМІНІ БАУЫН БАЙЛАУДЫ ҮЙРЕНІП, ТҮС АЖЫРАТАДЫ.

ЖАС ҰРПАҚ СОҒЫС КӨРМЕСІН!

**АУҒАНСТАН АУМАҒЫНАН КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА
БИЫЛ 35 ЖЫЛ. САЯСИ ТӨҢКЕРІСТЕН ТУЫНДАҒАН СОҒЫСҚА КСРО
ЕЛДЕРІМЕН ҚАТАР ЕЛІМІЗДІҢ 22 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТЫ ЕРІКСІЗ
КУӘ БОЛДЫ, ТАЛАЙ БОЗДАҚ ЕЛГЕ ОРАЛМАДЫ.**

**АСЫЛ ЕРЛЕРДІ ҚҰРБАН ЕТКЕН МАЙДАН
ЖЫЛ САЙЫН 15 АҚПАНДА ЕСКЕ ТҮСІРІЛІП,
ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ БОРЫШЫН ӨТЕУ
КЕЗІНДЕ ҚҰРБАН БОЛҒАНДАРҒА ҚҰРАН
БАҒЫШТАЛАДЫ.**

**Жаңбырбай НҰРҒАЗИНОВ,
№2 СҚКБ жүргізушісі**

Ауған даласындағы азапты күндерді бастан кешкен азаматтың бірі – Жаңбырбай Нұрғазин. Ол №2 СҚКБ-да жүргізуші болып жұмыс

істейді.

1962 жылы Түрікменстан жерінде өмірге келіп, сол жерде білім алып, 1980 жылы 23 қазанда әскер қатарына шақырылған Жаңбырбай Ауғанстанмен шектесетін Термез полигонына тап болды. Бір ай карантин уақыты біткен соң, желтоқсан айында жас жауынгерлерді Самарқан арқылы Кабул қаласына жеткізеді.

Осылай 18 жастағы жас жігіт өздерін жау санаған елдің аумағына табан тірейді. БТР жүргізушісі болып әскери борышын өтеуге білек сыбана кіріседі. Жаз айларында арнайы операцияларға шығып жүрсе, қыс кезінде Саланг шатқалын күзету міндетін орындады. Тиісті операцияның бірінде Жаңбырбай Бекейұлы жүргізіп келе жатқан БТР минаға түсіп, жарылады. Көрер жарығы таусылмай, аяқтан, тізеден жараланып, аман қалады. Ем алып, бой түзеген соң жаяу әскер қатарында, кейін жаңа БТР беріліп, жүргізушілікке қайта оралады.

Баграм, Чарикар елдімекендері мен Саланг шатқалында 2 жыл әскери борышын өтеп, аман-есен елге жетеді.

– Мектеп бітірген түлектердің ішінде бір сыныптан бесеуіміз ауған даласына аттандық. Бесеуден мен және түрікмен бала екеуіміз ғана аман қалдық. Ал қалған үшеуі жат жерде ажал құшты, – дейді соғыс ардагері.

1983 жылы атамекенге оралған жас жігіт «Өзен» мұнай кәсіпшілігіне жүргізуші болып, содан бері табан аудармастан, 40 жыл бойы бір орында қызмет істеп жүр.

Балаларының анасы Айманнан пандемия кезінде айырылып қалған азамат тағдырдың ісіне мойынсұнды. Алла берген ұл мен қыздан өрбіген немере-жиендер аталап көз қуанышына айналып отырған жайы бар.

– Кім не десе де ең бастысы Отан алдындағы борышымызды өтедік. Кейде ұрыс даласы түсіме кіріп, бастығырылып оянатыным рас. Жастар бейбіт күннің қадірін білсе екен деймін. Ел бейбітшілігі баянды, бірлігіміз бен тірлігіміз бекем болсын, – деген жылы лебізін жеткізді Жаңбырбай Бекейұлы.

**Құрманғали АБДРАМАНОВ,
№2 МГӨБ шебері**

Құрманғали Абдраманов 1968 жылы 6 ақпанда Мойынқұмда дүниеге келген. 1985 жылы мектепті бітірген соң алты айлық жүргізуші кәсібі бойынша курстан өтіп, Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтында агроном, кейін мұнай газ саласы бойынша білім алған.

Бірінші курсты бітірген студент әскерге шақырылып, жарты жыл Отарда дайындықта болған. 1988 жылы Аягөз арқылы техникалар тиелген эшелонмен Ауғанстан шекарасына өтті.

– Мен түскен батальон Шынданнан Қандағар қаласына азық-түлік, оқ-дәрі, керосин жеткізумен айналысатын. Мен ұшақтарға жанар-жағармай таситын ротада болдым. Шаңы шығып жатқан жазық даламен, тау арасымен он күндей жол жүретінбіз. Күндіз ғана қозғалуға рұқсат. Діттеген жерге 18 шақырымдай қалғанда Зеленка мекені біз үшін ең қауіпті болды. Жау жолымызды тосып, бөгет жасайтын. Сол аумақта бұйрық күтіп, апталап тұрып қалатынбыз. Бұдан бөлек жол бойы кездесетін кедергі аз емес. Көлік бұзылып, мина қойылып, тұтқиылдан оқ жаудыратыны тағы бар. Небір күндер өтті ғой, – деді аға жауынгер.

Құрманғали Исатайұлы 1988 жылдың аяғында ауған жерінен аман-сау шығып, Арменияның Ленинан қаласына жіберіледі. Онда жер сілкінісі кезінде зардап шеккен халыққа көмекке барды. Келер жылы мамырда Алматыдағы оқуын жалғастырып, жаңа-өзендік ару Амалханмен көңіл жарастырып, шаңырақ көтереді. 1995 жылы отбасымен қаламызға қоныстанып, 1996 жылы скважиналарды жерасты жөндеу бригадасының операторы болып жұмысқа орналасты. 2003 жылы №2 МГӨБ, СЖАЖ бригада шебері болып ауысып, күні бүгінгі дейін адал қызмет етіп келеді.

Тыныштық жоқ жерде береке болмайтыны әу бастан белгілі жайт. Жат жерде майданда боп, өлімнің иісін сезіп қайтқан азаматқа Алла тағала бақытты да баянды ғұмыр нәсіп етпей!

**Ыбырай БЕЛБАЙ,
№3 СҚКБ зейнеткері**

Ыбырай Белбай 1955 жылдың 8 желтоқсанында Түрікменстанда дүниеге келген. 1973 жылы Калаимордағы №18 онжылдық мектепті, 1974 жылы Ашхабадта кәсіптік техникалық училищені машинист-бульдозерші мамандығы бойынша тәмамдайды. Сол жылдың мамырында әскерге шақырылып, Ферғанада Отан алдындағы борышын өтейді.

– 1976 жылы екі жылдық әскери міндетімді орындап, елге оралған соң Ашхабадта дәнекерлеуші және

жүргізуші мамандығын оқыдым. 1979 жылы желтоқсанда қажеттілікке орай, мені кері әскерге шақырды. Кушка қаласында 18 күндік дайындықтан өтіп, Ауғанстанның Шындан қаласындағы танк полкіне қосылдым. Мұнда аэропорт болғасын, азық-түлік, қару-жарақ та осында жиналатын. Барлауға шығып, жаудың жолын тосамыз. Күні-түні тек бір-біріміздің амандығымызды тілеуші-ек, – деп еске алады қауіп пен қатерге толған сағым жылдарды Ыбырай Смағұлұлы.

Ол 1980 жылы ұрыс даласынан оралып, екі жылдан соң Жаңаөзенге қоныстанды. Құстай ұшқан жүйрік уақытқа не дауа?!

Ыбырай №3 СҚКБ дәнекерлеуші болып еңбек етіп, зейнетке шықты. Жан жары Ұлболсынмен ұлдарын үйлендіріп, қызын құтты орнына қондырып, бүгінде немере-жиен қызығын көріп отыр.

Солақай саясат кесірінен болған аты өшкір зұлмат соғыс тарих бетіне көшіп, алыстағанымен көңілден кетіп, жүректен өшкен жоқ... Өскелең ұрпақ соғысты көрмей, бақытты ғұмыр кешсінші!

Оразәлі ӘДІЛОВ, қоғам белсендісі

Ауған соғысының ардагері Оразәлі Әділов 1961 жылы 15 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.

Отбасы 1963 жылы Маңғыстаудың Қызылсай ауылына қоныс аударды. Еңбек жолын 1978 жылы Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасында темір жонушының көмекшісі болып бастаған.

1979 жылы сәуір айында әскерге шақырылып, бастапқыда Венгрияда болып, 1980 жылдың 2 ақпанында ауған соғысына қатысқан.

Батырдың ұрпағы, асылдың сынығы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», 2009 жылы Елбасы Жарлығымен «Айбын» орденімен марапатталды.

1981 жылы елге аман-есен оралып, еңбек майданына араласып, бұрғышы көмекшісі, бұрғышы, шебер, кәсіподақ төрағасы секілді қызметтерді атқарды.

1981-2009 жылдары қаламыздағы Ауған соғысы ардагерлері кеңесін басқарып, 2022 жылы Жаңаөзен қаласының «Құрметті азаматы» атағын иемденді.

Еңбекқор, жанашыр, ұлтжанды азамат бүгінде сүйген жары Светамен ұлды ұяға қондырып, немере қызықтап отырған бақытты ата.

Көп жыл қатарынан аттан түспей елі мен жері үшін жемісті қызмет атқарған азамат қазір де қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүр.

Өркені өскен әулеттің, шаттық ұялаған шаңырақтың иесі Оразәлі Мырзақұлұлы бүгінде мерейлі 63 жасқа шықты. Мерейтой иесіне табыстан-табысқа жетіп, абыройыңыз асқақтай берсін деген тілек айтамыз.



Иван ӨМІРБАЕВ, №2 СҚКБ жүргізушісі (марқұм)

Иван Өмірбаев Таушық ауылының түлегі. Әкесі Сергей жүргізуші болып, шешесі Нұржауған сауда саласында өнімді еңбек еткен абзал жандар.

1968 жылы жұмыс бабына байланысты әкесі мұнайшылар қарашаңырағы – Қызылсайға көшіп келген.

1977 жылы мектеп бітірген Иван 1 жыл жүргізуші боп жүріп, 1978 жылы әскер қатарына шақырылады.

От боп лапылдап тұрған жас жігіт Эстонияда 5 ай жаттығудан өтіп, Ауғанстанға жіберіледі.

Отбасы Иванды уайымдап, қиын жағдайға тап болады. Ауғанстанға кеткен жігіттердің мәйіті жәшікке салынып, қаралы хабар келіп жатты.

Бәлкім, тағдырдың жазуы болар... Сергей ақсақалдың қос ұлы Иван мен Сайын да Ауғанстандағы соғысқа қатысып, қолына қару алып, етігімен су кешіп, сұрапыл соғыстың куәгері болып қайтты.

Татар дәмі таусылмаған Иван 1980 жылы аман-есен елге оралып, ТТБ-ға жүргізуші боп орналасып, ауылдасы Бақытбибіге үйленеді.

Еңбекқор, жігерлі маман Солтүстік Қазақстандағы тыңға барып, жанкештілікпен еңбек етіп, небір марапатқа ие болған.

Үздік маманды орталық телеарнадан көрсетіп, газеттерге шығарды. №2 СҚКБ-да абыройлы еңбек етіп жүрген сыйлы азамат 2011 жылы дәм-тұзы таусылып, қайтыс болды.

«Артында бар-оңалар» демекші, бүгінде Иванның ұлы Әлібек жапырағы жайқалып, «Өзенмұнайсервис» ЖШС еңбек етіп, бірнеше балапанның әкесі атанып, шешесінің қолында тұрып жатыр.

Иван Сергейұлы сияқты асыл азаматтың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болмақ.

Аразғалы ТОЛЫБАЕВ, №2 МГӨБ дәнекерлеушісі

Ауған соғысы ардагері, мұнайшы Аразғалы Толыбаев 1965 жылы Түрікменстанның Ташауыз облысында дүниеге келген. Мектептен соң кәсіптік-техникалық училищенен дәнекерлеуші кәсібін игеріп шыққан. 1983 жылдың қазан айында әскерге шақырылып, Тәшкеннен 70 шақырым жерде орналасқан Шыршықта оқу-жаттығудан өтіп, Ташкурған қаласына соғысқа аттанған.

– Ауған даласындағы майданда “тірі қалмаймын-ау!” деген сәттер аз болмады. Қазір оның бәрін



еске алу оңай емес. Ауғанстан таулы жер. Бірде таулы аймақта шабуыл басталғаны туралы дабыл қағылды. Ұрыс алаңына жеткенде алдыңғы қатарға шығып кетіппін. Оқ оңнан да, солдан да бұршақша жауып жатыр. Жер бауырлап жата қалдым. “Мама, кешір балаңды, қалғандарың аман болыңдар” дедім. Көрер жарығым бар екен, денеме оқ дарымады. Талай боздақтар минаға түсіп, мәйітін де таба алмай қалған кездер көп болды, – деді Аразғалы зұлмат жылдардың әлі күнге дейін жанға бататынын жеткізіп.

Аразғалы әскерден келген соң колхоз жұмысы мен мақта шаруашылығында еңбек еткен. 1993 жылы отбасымен Өзенге ат басын тіреп, №2 МГӨБ-ке дәнекерлеуші болып жұмысқа қабылданады. Міне, содан бері 31 жылды артқа тастап, абыроймен қызмет етіп келе жатқан азаматқа көп рахмет.

**Қуанғали ШІЛТЕНОВ,
№2 МГӨБ орталық
инженерлік-технологиялық
қызмет бастығы**



1961 жылы 15 сәуірде дүниеге келген Қуанғали Шілтенев 1979-1981 жылдары Ауғанстандағы соғыс өртінің бастапқы тұтанған сәтіне араласты. Тау басына күзет қызметіне бекітіліп, аумақты жаудан таза ұстау міндетін орындады. Қанды қырғында ішек-қарны ақтарылып, жансыз қалған денені көрді. Жастық шағын мәйіттерді жинап, жаумен күресуге айырбастады.

– Әскерде Венгрияда болдым. Бір күні таңғы сағат 4 шамасында дабыл қағылып, құжат, киімімізді таратып, тез жиналу туралы бұйрық берілді. Бұл жолғы белгінің әдеттегіден басқаша екенін сезсек те, соғысқа бара жатырмыз деген ой болмады. 1500-ге жуық жас сарбазды Боинг ұшағымен Тәжікстанға жеткізді. Ары қарай Газниге жол тарттық. Алты ай тау басында күзетте болып, қыстың қарлы суық күнінде жертөле қаздық. Құнарсыз тамақпен қарын жұбатуға тура келді. Бізді ажал аңдып жүрді. Қасымыздағы жолдасымыздан бір сәтте айырылып қалып жаттық, – дейді соғыстың кермек дәмін татқан Қуанғали Өтегенұлы.

Қуанғалиды жақындарымен қатар бірінші сыныптан бірге оқыған Айманкүл Бәшенова да сағына күтіп, хат жазатын. Сондай бір сағыныш хаты түгел ротаны аман алып қалуға себепші болады. Ашқұрсақ әрі тоңазыған жас жігіттер орындарынан тұра алмайтын жағдайға жетеді, әуеден түскен тамақты алуға шамасы келмейді. Бүрісіп жатқандар көмектің арасынан Айманкүлдің хатын алып, оқиды. Жігіттер осыдан кейін “біздің әрқайсымызды күтіп жүрген бір ғашығымыз бар” деген оймен рухтанып, ес жинайды.

1981 жылдың маусымында Қуанғали Шілтенев елге оралып, шебер Жалғас Ағимановтың қарамағында үйренуші болған. Кейін оператор, шебер, цех бастығы, орынбасары, ауысым бастығы, орталық инженерлік-технологиялық қызмет бастығының орынбасары секілді лауазымдарды атқарып, аталмыш қызметтің бастығы болып тағайындалады.

Әскерден келген соң көп ұзамай Айманкүлмен отау құрып, бақытты шаңырақта Алла берген ұл мен қызды дүниеге әкелді.

Қазақы тәрбиемен қатар білім алған балалары бүгінде өз отбасын құрып, ел игілігі жолында қызмет етіп келеді.

АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ АРНАУ

*Қоңыр күзде қоңыр белден аттанып,
Кабул, Герат таулы өңірді бетке алып,
Біздің ұғым қорғау еді Отанды,
Ауған жерін жатқан кезде өрт шалып.*

*Саясаттың құрығына ілініп,
Жас қабірлер отқа оранды бүлініп.
«Шурави» деп атақ тақты біздерге,
Дінімізден айырылғандай егіліп.*

*Жалын кешіп, топырақты шайнадық,
Басқан іздер қалды тауда, сай құмда.
Тебінгі мұрт, өр мінезді жас едік,
Намыстанып, от боп біздер қайнадық.*

*Жеңіс күні саған да ортақ, маған да,
Соғыс дерті жаңғырып тұр санамда.
Жарықшақтар тұла бойда әлі бар,
Оны айту өте қиын адамға.*

*Тұман күннің серпіп тастап келбетін,
Алшаң басып жүрген жақсы жер бетін.
Еңбегіңмен «қара алтынды» еселеп,
Ертең үшін әрекет қып ерледің.*

*Бабалардың батасымен өсейік,
Ұрпақ үшін кеудемізді төсейік,
Бейбіт күнде әдемі ән шырқайық,
Жеңіс күні құшақтасып тұрайық.*

Құрметпен, №2 МГӨБ, №2 ҚҚСЦ ұжымы

ТРАКТОРШЫ ӘКЕ 4 ҰЛДЫ ШОПЫР ЕТТІ



Әкесі



Анасы

**КӘСІБІНЕ АДАЛДЫҚ
ТАНЫТЫП, ЖАРТЫ
ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ №3 СҚКБ
ЖҰМЫСЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ
ЖҰРУІНЕ, ӨНДІРІСТІК
БАСҚАРМАЛАРДЫ
АРНАЙЫ ТЕХНИКАМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ
ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСЫП
ЖҮРГЕН АЗАМАТТЫҢ
БІРІ – КӨШЕРБАЙ
ІЗТҰРҒАНОВ.**

1977 жылдан басталатын еңбек жолында техника тілін таба білген шебер жүргізуші, қыр-сырына қаныққан механик, жұмысты үйлестіруші, бір сөзбен айтқанда қызмет баспалдағымен көтерілген Көшербай Нұртайұлы 1961 жылы 27 қаңтарда Қызылсай ауылында өмірге келген.

– Әкем Нұртай Изтұрғанов 1943-1947 жылы Ұлы Отан соғысына қатысты. Аман-сау оралған соң Түрікменстанда мұнай саласында жұмыс істеді. «Маңғыстауда мұнай шығыпты, кен орындар ашылып жатыр, соған мамандар қажет» деген үгіт-насихат жүргізіліп, әке-шешем бала-шағасын және бауырын алып атамекен Маңғыстауға оралды. 1959 жылы Бакуден Форт-Шевченкоға жеткен тракторды Өзен кен орнына айдап келген алғашқы трактористің бірі болған. Қызылсайдағы мұнай бұрғылау стансысының жұмысын жолға қоюға ағалы-інілі болып ат салысты. Осындай бір қызықты да қым-қуыт шақта, Қызылсайда мұнайшы отбасына арнап салынған екі бөлмелі жертеде мен дүниеге келіппін, – деп еске алады Көшербай.

1977 жылы он сыныптық мектепті бітіріп, бір айдан соң ТТБ-ға жұмысқа қабылданды. 3-дәрежелі жөндеуші бола жүріп, Өзеннің оқу комбинатында 5-дәрежелі шынжыр табанды трактор жүргізушісі кәсібін игерді. 1979 жылы әскерге шақырылып, Ресейдің Мурманск облысында жаяу әскер қатарында болды. Әскерден шыңдалып қайтқан жас жігіт тракторшы қызметін жалғастырады.

– 1997 жылға дейін 6-дәрежелі тракторшы болып жұмыс істедім. Мекеме басшысы Бақтығали Базылов деген ағамыз 5 тракторшыны іріктеп алып, Ақтау политехникалық колледжіне оқуға жіберді. Көлікке техникалық қызмет көрсету мамандығы бойынша 3 жылдай оқыдым. 1998 жылы диплом алдық. Оқып келген соң автотізбек механигі болып ауыстырды, – дейді.

№4-автотізбекте басқарманың арнайы техникалары, атап айтсақ, ав-

токран, бульдозер, дөңгелекті К-700 тракторлары, шыбық пен сорғы таситын көліктер, шынжыр табанды экскаваторлар шоғырланған болатын. Сол жерде Көшербай Нұртайұлы өзін білімді де білікті механик, сенімді маман ретінде көрсете білді.



«Жастар» ансамблі

– 2001 жылдың маусым айында директор Қуантқан Айтмұханов шақырып, №2 автотізбек бастығы лауазымын ұсынды. Содан №2 автотізбек бастығы болып 23 жылдан бері абыроймен қызмет етіп келемін, – дейді өткенге көз жүгіртіп.

Жалпы қазіргі таңда №2 автотізбек 4 МГӨБ-ке қарасты жерасты жөндеу бригадаларын көшіру процесін жүзеге асырады. 34 арнайы К-700 техника, оған қосымша 10 шынжыр табанды техника, 3 шынжыр табанды экскаватор кесте бойынша көшіруге қатысады. Көшербай Нұртайұлының айтуынша, автотізбек құрамында 79 жүргізуші, 47 техника бар.

– Соңғы он жылдықта техника, қажетті құрал-жабдықтарды жаңалау ісі жүйелі жолға қойылды. Жылына 5-6 жаңа техника бөлінеді. Соның бәрін үйлестіріп, ай сайын кесте құрып, жерасты жөндеу бригадаларының көшу жоспарын уақытылы орындау, техникаларды оңдау – біз атқаратын міндетті қызмет. Қасымда механик Рүстембек Асаров деген әріптесім бар, – дейді жұмыс барысымен таныстырған Көшербай Нұртайұлы.

Барлығы 47 жыл осы мұнай саласында еңбек еткен азаматтың техникаға деген әуестігі әке қанымен дарыған. Бір үйдегі 4 ұлдың да бірдей жүргізуші болуы соның дәлелі.

– Бала кезімнен әкемнің тракторды жүргізіп, көлікке қатысты кітап оқып отыратыны есімде. Жұмыстың аяғында, еңбек демалысына шыққан кезде тракторды үйдің ауласына әкеп қоятын. Ол кезде тұраққа апарып қояды деген түсінік қалыптаса қоймаған. Ауладағы трактор төртеуімізді шопыр етіп шығарды, – дейді аға мұнайшы.

Көшербай 1981 жылы Алтын Баймағанбетовамен отау көтеріп, Орынгүл, Гүлмира, Айзада есімді сүйкімді қыздарды өсіріп, құтты орнына қондырған жайы бар. Бүгінде балдай тәтті жиендердің сүйікті атасы.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, техниканың қыр-сырын меңгерген кейіпкеріміз басқарманың «Жастар» әуесқой ансамбліне өнер көрсеткен. Әскерге кеткенше топтың барабаншысы болып, түрлі мерекеде ән айтып, әскерге аттанушыларды салтанатпен шығарып салып, жұмыстан тыс уақытта дайындыққа қатысып жүрді. Бұл Көшербайдың өнерден де қара жаяу еместігінің дәлелі.

Қадірлі жан өзінің қамымен бірге көптің қамын жеп, қоғамдық жұмыстар-



Жары Алтынмен

дан да сырт қалмай, кез келген жағдайда азаматтық ұстанымын көрсетіп келеді.

Отбасымен



ЖҮШ – БІЛІМДЕ

ЖӘНІБЕК – БОЛАШАҚ МАЛ ДӘРІГЕРІ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ, МАҢҒЫСТАУ, ҚАРАҚИЯ, ТҮПҚАРАҒАН АУДАНДАРЫНЫҢ 12-22 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАРЫНА АРНАЛҒАН «ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ САПАЛЫ БІЛІМ АЛУҒА ҮЛКЕН МҮМКІНДІК ТУДЫРЫП ОТЫР.

Білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету, оқушылардың білім сапасын, сондай-ақ олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетін арттыруды мақсат еткен бағдарлама аясында өңірдің үздік жастары іріктеуден өтті. Солардың бірі Жәнібек Мақсатов Павлодар қаласындағы «Ertis» жоғары инновациялық аграрлық колледжінде білім алып жатыр.

– «Жарқын болашақ» бағдарламасы туралы алғаш 8-сыныпта естідім. Досымның бірі осы бағдарлама арқылы Көкшетау қаласына оқуға түскенін білдім. Кейін 9-сыныпта жүріп, қосымша ақпар жинап, құжаттарымды реттеп, алғашқы сауалдарға жауап беруге дайындалдым, – деп еске алады.

Аз уақыт ішінде бүкіл сыннан сүрінбей өткен Жәнібек бағдарлама үміткері атанып, ветеринарлық техник мамандығын таңдайды.

Бүгінде білім алып, мамандығының қыр-сырын меңгеріп жатқан Жәнібек оқу бітірген соң туған қаласында адал қызмет етсем деп армандайды. Өзінің айтуынша, адамның өмірге келудегі миссиясы айналасына бір пайдасын тигізу, көмек қолын созу екен.

– Екі жасымда әке-шешем Түрікменстаннан Теңге ауылына көшіп келді. №14, 11 орта мектептерде оқыдым. Бала күнімнен волейбол ой-




наймын. Спортта да жетістігім бар, – дейді.

Алты баласын ешкімнен кем қылмай, өсіріп жеткізіп отырған әкесі Мақсат Тынымбаев пен анасы Мерьем Арсланбаева үшін баласының жетістігі үлкен қуаныш. Оның өзі қалаған оқуына түсіп, шәкіртақы алуы да көпбалалы отбасы үшін медет.

«Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, ынталы жастың жалынын өшіріп алмай, әрі қарай қолдап, жылына мыңдаған балаға демеуші болып келе жатқан бағдарламаға алғыс көп. Жоғары шәкіртақы, жол шығынын өтеу – үйінен алыста білім алып жатқан жас өркен үшін қолдау. Оқып, дипломын қолына алғаннан кейін бағдарлама бойынша жұмысқа орналасатыны болашаққа сенім сыйлайды.

Ал Жәнібек Мақсатов сияқты «Жарқын болашақ» түлегінің саны жыл сайын артуда. 2025 жылға дейін жоспарланған бағдарлама 4 мыңнан астам түлекті қамтуды жоспарлап отыр.



БІЛІМ – АДАМҒА КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

**АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ОҚЫП-БІЛУГЕ ДЕГЕН ҚҰМАРЛЫҒЫ ОНЫ
ЖАҢА БАСТАМАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗІП, ИГІ ІСТІҢ ИЕСІ ЕТЕДІ. ОҚЫП,
ТАНЫП, СОНЫ КӘДЕСІНЕ ЖАРАТҚАН АДАМНЫҢ ЗЕЙІНІ ҮНЕМІ
СЕРГЕК, САНАСЫ ТАЗА, ЖҮРЕГІ МЕЙІРІМДІ БОЛМАҚ. ӨМІРДІҢ
ОСЫНАУ ҚАРАПАЙЫМ ҚАФИДАТЫН МЕҢГЕРГЕН АЗАМАТТЫҢ БІРІ –
МӘМБЕТ БИГЕЛДИЕВ.**

Бүгінде Өндірістік техникалық қамту және жадбықтармен жинақтау басқармасы директоры қызметін атқарып жүрген Мәмбет Бигелдиев компанияның кәсіби біліктілік пен тәжірибесін арттыруды көздеген қызметкерлерін қолдау мақсатындағы демеушілігін пайдаланып, Назарбаев университетінің Executive MBA курсына білім алуда.

– Менеджер мамандығына арналған MBA бағдарламасы әртүрлі саладағы мамандарды біріктіру арқылы бірегей оқу ортасын қалыптастырған. Биыл оқу бағдарламасының екінші курсына білім алып жатырмын. Оқу аптаның демалыс күндері онлайн және оффлайн форматта өтеді. Оффлайн болған жағдайда жұма күні жұмыстан кейін Астанаға ұшып барып, жексенбі күні түнделетіп қайтамын. Аптаның бес күнін жұмысқа, екі күнін білімге арнап жүрмін, – дейді.

2001-2005 жылдары Жаңаөзен мұнай газ колледжін мұнай газ ісі бойынша оқып, кейін Маңғыстау гуманитарлық техникалық университетінде бакалавр, Ш.Есенов атындағы Каспий университетінде магистр дәрежесін алған. 2005 жылы Ғылыми техникалық өндірістік басқармаға оператор, кейін мұнай газ өндіру шебері, №1 МГӨБ-те жетекші инженер технолог, №8 МГӨЦ бастығы орынбасары, ауысым бастығы болып қызмет етеді. Осы жылдар ішінде тәжірибе жинақтаған жас маман кәсіби шыңдалып, толыса түскен. 2023 жылға дейін Персоналды басқару және дамыту департаментінің бастығы лауазымында болады.

– Мұнай саласындағы еңбегіме 19 жыл болыпты. Кез келген жетістік, білім тәжірибемен ұштасады. Сондықтан көңілге түйгенімді нақты біліммен байланыстырып, Қоғамның көрсетіп жатқан қолдауын пайдаланудамын. Оқу бағдарламасының ерекшелігі сол әлем рейтингісінде 7-орында тұрған американдық Дьюк университеті мамандарынан білім алып жүрміз.

Бағдарлама 100 пайыз ағылшын тілінде, орыс тіліне синхронды аударма жасалады, – дейді.

Мәмбет Амантұрлыұлының айтуынша, жалпы жұмыста стратегия құру өте маңызды. Ол арқылы істің артық кем тұсын жүйелеп, туындаған мәселенің салдарымен ғана емес, түпкілікті себебін анықтауға болады. Сонымен қатар ұжымды басқару тәсілін, қарым-қатынас жасау құндылығын меңгерген.

– Басшы өндірісті мықты білгенмен, қаржылай сауаты, ақшаны үйлестіре білу деңгейі төмен болуы мүмкін немесе керісінше. Оқу бағдарламасында осы экономикалық сауаттылыққа жіті мән беріледі. Оған қосымша өндірістік процесс кезіндегі операциялық шығынды болжай алу және оны барынша азайту да басшының негізгі міндетінің бірі. Курс барысында осы екі аспекті бойынша терең жұмыс жасайды.

Бұйырса тамызда диплом қорғаймыз. Онда берілген тақырып бойынша жаңа жобаның өндірістік, экономикалық және операциялық тиімділігін дәлелдеуіміз қажет, – дейді.

Корпоративті құндылықтарды қалыптастыру, жұмыскерлердің ынтасын арттыру және ортақ іске жұмылдыра білу – менеджер толқынын тудырды. Executive MBA курсының да ерекшелігі озық ойлайтын жандар шоғырын бір ортада тоғыстырып, өзара тәжірибе, ақпарат алмасу алаңын жасап қойған. Себебі курста мемлекеттік қызметкер де, табысты кәсіпкер де, ерекше өнертапқыш иесі де қатар білім алып жатыр.

Тәжірибелі маманның атқаратын жұмысы мен алға қойған мақсаты баршылық.

– Қазіргі менеджерлік бағыт білікті маманды қадірлеу, сенімді байланыс орната отырып, жұмысқа ынтасын арттыру. Алдағы уақытта осы алған білім мен жинаған тәжірибемді өз жұмысымда қолданамын, – дейді кейіпкеріміз ойын түйіндеп.

**АДАМ ӨМІРІНДЕГІ
ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ӘР
ІСТІ СОҢЫНА ДЕЙІН
ЖЕТКІЗЕ БІЛЕТІН
ҚАСИЕТІ ИГІЛІККЕ
САНАЛСА, СОНИА
ШЫРТАНОВАНЫҢ
ҒҰМЫРЫ НАҚ СОНЫҢ ДӘЛЕЛІ.
ҚЫЗЫҒЫ МЕН ШЫЖЫҒЫ, АУЫРЫ МЕН
РАҚАТЫ ҚАТАР ЖҮРЕТІН МҰНАЙШЫ
ҚЫЗМЕТІН ЕС БІЛГЕЛІ АТҚАРЫП,
БҮГІНДЕ ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА
ШЫҚҚАЛЫ ОТЫР.**

ӘР ТАҢДЫ КҮЛІП ҚАРСЫ АЛАТЫН ЖАН



№3 мұнай газ өндіру басқармасының №1 Мұнай газ өндіру цехының операторы болып қызмет жасайтын Сония Шыртанова қадірменді, халық арасында құрметті мұнайшы мамандығына аттай 43 жыл 6 ай ғұмырын арнаған жан. Әйел баласын нәзік жанды деп еркелетіп жатса, сол нәзіктігімен ауыр да жауапты қызметті қайыспай атқарды.

«Жан қиналмай жұмыс бітпес, Талап қылмай мұратқа жетпес» деген халық тәмсіліне сүйенсек, жаны қиналып еткен еңбегінің тәтті дәмін татып, құрметті демалысқа жеткен жан 1962 жылы Балқан облысында дүниеге келген.

– Ес жиып, ел қатарлы білім алдық. 1980 жылы орта мектепті тәмамдап, осы салаға келдім. Мұнайшы болып кірген қызметімде табан аудармай еңбек еттім. Істеген жан-дар біледі, саладағы еңбек қаншалықты ауыр, жауапты болса да соғұрлым қызықты. Көптеген жанмен әріптес болдық. Қатар қызмет жасап, түрлі кезеңдерде бір-бірімізге қолдау көрсете білдік. Компанияның түрлі басқару формасын көрдім. Соның бәрінде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, татулық таныта білдік, – дейді кешегі күніне үңіле отырып.

Алғаш кірген қызметін әрі қарай дамытып, сол істің шынайы маманына айнала білу үлкен табандылық пен күш-жігерді

қажет етеді. Ол сол дәрежеге жетіп, өзінен кейінгі бірнеше буынның кәсіби маман болуына ат салысып, жол көрсетті. Қазір әріптестерінің бірі құрдас деп сыйласа, көпшілігі жол көрсетер сыйлас апа, ұстаз ретінде қадірлейді.

Әйел адам қанша жерден қызмет жетегінде жүрсе де, үйде аяулы ана, асыл жар бола білсе ғана, толыққанды болмақ. Сония жолдасы Наурызғали Шыртановпен бірге бес баланы өмірге әкеліп, сапалы білім, саналы тәрбие берген. Тағдырдың жазуына шара жоқ шығар, № 1,5 СҚКБ-да ұзақ жыл қызмет істеген отағасы Наурызғали 2002 жылы дүниеден озды.



Нәзік әйел жанына тағы бір күш түседі. Тағдырдың маңдайына жазғанына мойымаған Сония Ізбергенқызы төрт қызын ұзатып, ұлын үйлендірді.

– Құдайға шүкір, тағдырдың салғанына көндік. Балаларым үмітті ақтап, отбасылы болды. Жиендерім бар. Ұлым қолымда. Немере сүйіп отырмын, – дейді әр таңын күліп қарсы алатын әже.

Қазақ әйелінің қайыспас қайсарлығы мен ананың шынайы кіршіксіз көңілі тұтасқан кейіпкерімізге әжелеген немере-жиендері үлкен бақыт сыйлайды. Алдағы зейнетте соларға көп уақыт арнай алатындығына қуанады. Тек көңілі жабырқайтыны қолындағы жалғыз ұлы да өзі сияқты мұнай саласына қызметке тұрса деген тілегінің орындалмай отырғаны ғана.

– Үйдің асыраушысы, маңдай бағы бес елі болсын деп есімін қойған Бақберген атты жалғыз ұлымның жұмыссыз жүргені жаныма батады. Басшылық тарапынан қолдау болып жұмысқа кіріп жатса, қатты қуанар едім, – дейді аз ғана бұйымтайын жеткізіп.

Әдемі қартая білу өнер дейді біле білгендер. Алдағы өмірін кейіпкеріміз қа-

зақтың дарқан анасына тән немере-жиенге алаңсыз көңіл бөліп, соларды мейірім шуаққа бөлеуге арнамақшы. Еңбегіңіздің зейнетін көріп, ұзақ ғұмыр кешуіңізді тілейміз тәжірибелі маман.



«ҚАЗАҚ ГАЗ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС



ӨҢІРДІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ КҮРЕТАМЫРЫ
«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
САПАЛЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖҰМЫСЫ БАРЫСЫНДА КӨПТЕГЕН ҚОСЫМША КОМПАНИЯЛАР ЖӘНЕ МЕКЕМЕЛЕРМЕН БІТЕ ҚАЙНАСЫП, ҚАТАР ҚЫЗМЕТ ІСТЕП КЕЛЕДІ. СОНДАЙ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН НЫСАННЫҢ БІРІ – «ҚАЗАҚ ГАЗ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС.



«Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты Қарамандыбас және Өзен кен орындары «Қазақ газ өңдеу зауытын» негізгі шикізат көзімен қамтамасыз етушілердің бірі. Бұл мекемелерден ілеспе мұнай газын қабылдау жүргізіледі. Ал табиғи газ «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Тасболат, Батыс Төңге, Оңтүстік Жетібай, Ақтас, Қарамандыбас деп аталатын 5 кен орнынан қабылданады.

Қазіргі таңда зауыт құрамында 15 цех пен 18 бөлім – топта мыңға жуық жұмысшы өңірді арзан әрі сапалы, қуатты көгілдір отынмен қамтамасыз ету мақсатында тынымсыз еңбек етеді. Зауыт цехтарында табиғи газ, ілеспе мұнай газын және конденсатын өңдеу және дайын өнімді тұтынушыларға жөнелту жұмыстары атқарылады. Отын «ҚазТрансГазАймақ» АҚ арқылы облыс аумағының бәріне таратылып, тұтынушы сұранысын тұтас қамтып отыр. Айына 14-15 мың тонна, жылына 165 мың тоннадан астам сұйылтылған газ өңделіп шығарылады. 60 мың тоннаның үстінде пентан-гексан фракциясы, 3 мың тоннаның айналасында пеш отыны шығады және әлеуметтік мекемелер мен өндірістік аймақты оттегімен қамтамасыз етеді.

Жоспар бойынша жылына 700 млн текше метр газ, 7 мың тоннаның үстінде газ конденсаты қабылданады. Одан бөлек, Қарақұдықмұнай, Кенсары кен орындарынан көмірсутектердің кең фракциясы жеткізіліп, өңделеді.

Бұның бәрі газ өңдеу зауыты жұмысының әлеуеті мен ауқымдылығының көрінісі. Ұзақ жылға созылған сенімді серіктестіктің бастауында таза еңбек пен жоғары жауапкершілік, кәсіби шеберлік талаптарына жауап беру тұрғанын ескеруіміз керек.



ӘУРЕ

(әңгіме)

Жан дегенде жалғыз ұл үйленем дегенде әке-шешенің қуаныштан жүрегі жарыла жаздады. Шағын қаладағы ең тәуір ресторанға дүрілдетіп той жасады. Медуниверді үздік бітіріп, ауруханада хирург болып жұмыс істеп жүрген Санжардың бірінен-бірі өткен үш сұлу апасы да аянып қалмады. Ай десе аузы, күн десе көзі бар Меңсұлуды көргенде жігіттің тумаластарының қуанышы еселене түсті. Құдашалар құлағы алтыннан жарқырады. «Баламнан аяғанды ит жесін» деп киттің бәрін Сарабике Түркиеден алдыртты. Құдағайының құлағына якуттың алмазын таққанда қуаныштан көзі жайнап, жан-жағына қарап ыржаңдап езуін жия алмай қалды.

Қызықтың көкесі тойдан кейін басталды. Көзін төмен түсіріп, молдаға берген баладай тымпиып отырған келінінің қолынан дым келмейтін болып шықты. Адаммен сөйлесу мәдениеті, этика деген нөл. Алпысты алқымдаған енесінің келінге келін боламын деп күйі кетті. Ақылды жан байымен ақылдасып жіберді де, бір кезде керегімізге жарап қалар деп алып қойған қала орталығындағы 3 бөлмелі пәтерден пәтершілерді шығарып, жеңіл-желпі ремонттап, бала-келінді бөлек шығара қойды.

Аңтарыла қараған баласына «шырағым, сен отау құрдың. Әкең екеуіміз бала деп жүрдік. Жұмыс деп жүрдік. Осы теледидарды ашып қалсаң, жапонның шал-кемпірі рюкзакты асынып алып, жер-жерді аралап жүреді емес пе?! Олардан біздің қай жеріміз кем?! Аллаға шүкір, сені де, үш қызды да оқыттық, тоқыттық, үй қылдық. Енді өзіміз үшін өмір сүруге рұқсат берсең, жақсы болар еді. Әкең екеуіміз қартайсақ та, әлі жер тіреп қалғамыз жоқ», – деп баласын құшырлана құшағына қысты.

Балапандай баптап, жұмыртқадай шайқап өсірген Санжарының жар таңдаудан оңбай қателескенін сезген сұңғыла шешенің жаны құлазып, көңілі қоңылтақсыды.

Мал сойып, ауыл үлкенінің батасымен жастарды бөлек шығарып, өмірбақи өзін адамгершілігі, азаматтығы, жауапкершілігімен тәнті етіп жүрген күйеуін қолтықтап алды да, өзі айтпақшы Сарабике рюкзакты асынып, Өзбекстанға қыдырып кетті.

Бір-бірін сөзсіз ұғысатын екеуді ағайын арасында айтылған өсек-аяң қуып жете алмай, далада қаңғып қалды.

Жұмысы қауырт Санжар ерте кетіп, кеш келіп жүрді. Мектепте бастауыш сыныпқа сабақ беретін Меңсұлу «менің нервим өзіме керек, жұрттың жынды балаларынан әбден шаршадым» деп ойланбастан-ақ жұмыстан шығып кетті. Бұған Санжар қуанбаса, ренжи қоймады. Қылықты келіншегінің буына мас болған ол бақыттан басы айналып, әндетіп жүрді. Үй жинауға, тамақ пісіруге қырсыз болып шыққан сұлу келіншек «неге өмірді қиындатамыз. Үй жинап, тамақ пісіру үшін күтуші жалдайық» деп байының бетінен сүйді.

Ертесі күні өзбек қыз Зәмира кілемнің шаңын сорып, буын бұрқыратып қазанға дәмі тіл үйіретін палау басып жатты.

Меңсұлу Нұртастың «Шапалақпен ұрып қаспенен, Атқандай болдың мені таспенен. Көріп сенің сұлу көздеріңді, Кетіп қалды мына бас деген» әнін тыңдап, диванда шалжиып, шалқасынан түсіп жатты да қойды.

Содан талтандап шаштаразға кетті. Байы қанша ақша әкелсе де түбіне су құйып отыратын Меңсұлудан Санжардың жүйкесі шаршай бастады. Қуыршақтай қатын ұзақты күні косметологтан шықпайтын болып алды. Қасқа татуаж, ерінге татуаж, эпиляция, маникюр, бет тазалату, пилинг, ай сайын кірпік жабыстыру, қол-аяқтағы түкті жоқ қылу... О, тоба, шығыны шаш етекпен. Ақшаны көп жұмсайтын сияқтысың деп ескерткен байының сөзін көтере алмай шала бүлініп тынды.

– Қатын құлпырып жүру үшін ақшасы мол, күтімі жақсы болу керек, – деп бұлданды.

Ызыңдап жүріп туған күніне бағасы у жалап тұрған якуттың алмазынан сырға, алқа, сақина алдыртты. Бірдеңе деген бренд, шірдеңе деген бренд деп ас үйдің ішін бәле-бәтерге толтырды. Нан кесетін бөлек пышақ, ет турайтын бөлек пышақ. Жаңғақ шаққыш. Лимон сыққыш. Тіпті басың айналады. Емдік шипасы бар деп ваннаға тас төкті. Романтика деп үйдің бұрыш-бұрышына әдемі иіс шығарып тұру үшін құтының ішінде жанатын балауыз қаптатып жіберді. Жеңілдікпен сатылып жатыр деп үйді қоқысқа толтырып тастады. Тренингтен келген соң «қымбат зат адамның өзіне деген сенімін арттырады екен» деп қырып кете жаздады... Мазасыз, эмоциясына ие бола алмайтын жас қатын тисе терекке, тимесе бұтаққа деп сөйлей береді. Адамды әбден мезі етіп бітті. Арасында ауырып отырмын... быды-быды деп жұмыстан шаршап келген байының мазасын алады. Емделмейді де, қоймайды да...



Жексенбі күні күрделі операциядан шыққан Санжар мәшинесіндегі радиосын қосты. Әдемі дауыс «Сәулем, сәулем, сәулемсің, Басымдағы дәуренсің. Жақсы болсаң – сәулемсің. Жаман болсаң – әуремсің» деп ән шырқай жөнелді. Жігіттің көлікке мінгенін күтіп тұрғандай сіркіреп жаңбыр жауа бастады...


Бибігүл БӨБЕКБАЙ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

«ТАРТА ЖЕСЕҢ ТАЙ ҚАЛАР,
ҚОЯ ЖЕСЕҢ ҚОЙ ҚАЛАР,
ҚОЙМАЙ ЖЕСЕҢ НЕ ҚАЛАР?».

ҚАЗАҚ МАҚАЛЫ





КІТАР ОҚУ

АМЕРИКАН
ЖАЗУШЫСЫ
ДЖОРДЖ
КЛЕЙСОННЫҢ
«БАВИЛОНДАҒЫ
ЕҢ БАЙ АДАМ»
БЕСТСЕЛЛЕРІН
ОҚУҒА КЕҢЕС
БЕРЕМІЗ.

Автор шығынды назарда ұстап, ақша табуға, оны сақтай білуге, ақшадан ақша тудыруға үйретеді.

«Ақша қолдың кірі» десек те, оның жер бетіндегі игіліктің рақатын көруге мүмкіндік беретінін ұмытпаған жөн. Қызыққа толы өмірдің жанға жайлы екені еңбектеген бала мен еңкейген кәріге дейін аян.

Бай адам үйін әдемі жиһазбен сәндей алады. Қияндағы елдерге саяхаттап, дәм-тұзын татады. Зергерлерден таңдап жүріп ең керемет әшекей сатып алуға мүмкіндігі бар.

Сонымен қалай баюға болады?! Әр жолы тапқан ақшаңның оннан бір бөлігін жекелеп алып, жинай бересің. Жаман әдеттерден аулақ болып, шығынды қадағалайсың. Әр тиынды жұмысқа жегіп, қаржыны мақсатсыз жұмсаудан сақ боласың.

Тоғетері, 1926 жылы жарық көріп, күні бүгінге дейін 2 млн данамен сатылған, әлемнің көптеген тіліне аударылған аталмыш кітап бай болудың жолын тайға таңба басқандай етіп көрсетіп береді.

ШАРШАМА, МИНИМАЛИЗМГЕ ӨТ!

**БІЗДІҢ ЕШТЕҢЕГЕ
УАҚЫТЫМЫЗ ЖЕТПЕЙДІ.
ШАРШАЙМЫЗ, ҮЛГЕРМЕЙМІЗ,
ҚЫНЖЫЛАМЫЗ. ҚОНАҚ
ШАҚЫРАТЫН БОЛСАҚ,
АЛАШАПҚЫН БАСТАЛАДЫ. БІР
АДАМҒА БІР ЫСТЫҚ ТАМАҚ ПЕН
БІР ТӘРЕЛКЕ САЛАТ ЖЕТЕДІ
ДЕГЕН ТҮСІНІК БІЗ ҮШІН КҮЛКІЛІ,
ТІПТІ ҰЯТ. ҚОНАҚҚА БАРСАҢ,
ӘКЕЛГЕН ТАМАҚТЫ ҚОЯТЫН
ОРЫН ТАБА АЛМАЙ ӘБИГЕРГЕ
ТҮСЕМІЗ.**

– Тамақ алсаңызшы, түк алмадыңыз, – деп үй иесі жік-жаппар болады. Сен отырасың үрілген шар сияқты тамаққа тыңқиып тойып алып.

Қонақ шақыруға кемінде үш күн жұмсаймыз. Бірінші күні базар, дүкен аралаймыз, түсіреміз, пісіреміз, тураймыз дегендей. Екінші күні қонақ күтеміз. Үшінші күні ыдыстарды жуу керек, орын-орындарына қою керек.

Жас жігіттерден «қандай арманың бар?» деп сұрай қалсаңыз, бәрі жынды мәшине мініп алып, шалқайып, мақсатсыз әрі-бері зулап, көшенің шаңын шығарып, қамсыз жүргісі келеді. Сосын әріне қос

қабатты коттедж өз алдына. Бірдеңе деген брендтің сөмкесін ұстағымыз келеді, шірдеңе деген брендтің аяқ киімін кигіміз келеді. Бірдеңе деген брендтің ыдысынан ас ішкіміз келеді...

Ал осындай алашапқыннан кейін өміріміз неге жетеді? Кітапты кім оқиды, театрға кім барады, баланы кім тәрбиелейді? Қазір әлемнің ақылды адамдары минимализмге өтіп, сапалы өмір сүруге тырысып жатыр. Әр нәрсенің балансын сақтай отырып өмір сүретін болсақ, бәріне уақыт жететін болады. Уақыт пен ақшаны ысырап етпей, күйкі тірліктің батпағынан өзіңізді өзіңіз сүйреп шығарыңыз. Әр нәрсені шегімен қолдану қанымызда бар.

Сонымен босына мал шашпасаңыз, ермекке кредит алмасаңыз, мағынасыз той-томалақтан іргеңізді аулақ ұстасаңыз, мода құмасаңыз, қажетсіз дүниеден бас тартсаңыз, өсекке толы әлеуметтік желіні шектесеңіз – жақсы да тыныш өмір сүресіз. Сізде энергия пайда болады. Өміріңіз қызықты бола бастайды. Гарантия!

KINOQARA



**АҒЫЛШЫН ЖАЗУШЫСЫ ДЖЕЙН ОСТИННИҢ ЕҢ ТАНЫМАЛ
«ТЭКАППАР ҒАШЫҚТАР» РОМАНЫ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША
ТҮСІРІЛГЕН ФИЛЬМДІ КӨРУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ.**



Фильм XIX ғасырдың басындағы әдет-ғұрпы қатал, қыз баланы тезірек тұрмысқа беруді абырой санайтын ағылшын қоғамын көз алдыға әкеледі. Ел арасында құрметті, бірақ кедей тұратын Беннеттер отбасының өмірі арқау болған киноны көрген сайын, көре бергің келеді.

Қит етсе «жұқарған жүйкемді ойлап жүрген адам жоқ бұл үйде» деп шыға келетін бойжетіп отырған 5 қыздың анасы, ойы шолақ, қыңыр мінезді миссис Беннеттің бар арманы қыздарына бақуатты күйеу тауып беру.

Бір жағынан оның «қызыңды құтты жерге қондырғаннан асқан бақыт бар ма» деген сөзімен келіспеуге де болмайды.

Элизабет пен Фицуильям арасындағы мөлдір махаббаты тамашалап отырып, бүкіл әлемді ұмытып кететінізге біз кепіл.

50
жас

55
жас

60
жас

**ӨЗЕН КЕН ОРНЫНДА СІЗДІҢ ЖАЛЫНДАҒАН
ЖАС ШАҒЫҢЫЗ ӨТТІ. БҮГІНДЕ САБЫРЛЫ,
АҚЫЛ ТОҚТАТҚАН, ҮЛГІ МЕН ӨНЕГЕ
КӨРСЕТКЕН ҚАДІРЛІ КЕЗЕҢГЕ ТАБАН
ТІРЕДІҢІЗ.**

АЯУЛЫ ӘРІПТЕС,

жаңа жасыңыз құтты болсын!

Мұнай саласына саналы ғұмырыңызды арнап, адал еңбек, маңдай термен бүгінгі қастерлі жасқа жету – үлкен бақыт. Сіздің әрқайсыңыз өндіріс орнында бағалы маман, отбасында сүйікті жансыз.

Еліміз тәуелсіздік алған кезең жастық шақпен тұспа-тұс келді. Азаматтық ұстаным танытып, бұлыңғыр кезеңнен адаспай жол таба білгеніңіз ерлікпен пара-пар. Соның нәтижесінде бүгін тұтас өндіріс тіршілігі жанданып, жаңа буынның дамуы мен көркеюіне жағдай жасалды.

Қуанышты күніңізде отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, бақыт-береке, еңбекте табыс пен зор абырой тілейміз.

Ізгі тілекпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ





Сырлыбай Адайбеков
Баймұңал Сейілханов
Иса Ешпанов
Болат Бегімбетов
Шолпан Салихова
Қуанбай Атантаев
Ибайдулла Әмелов
Назарбек Айтбаев
Орынбасар Жұматов
Қуаныш Шағыраев
Мағзам Жантілеуов
Қыдырбек Баймағамбетов
Рустам Бурабаев
Қайрат Нарымбаев
Тосқали Төреханов
Қажығали Мұсаев

Орынбасар Қолмұрзаев
Ермек Қонақбаев
Бердібек Ашықбаев
Айжамал Жанғазиева
Сәрсенбай Өтегенов
Қожаберді Жантілеуов
Қазыбек Айқарақов
Қадірбай Бекмағанбетов
Айгүл Байжиенова
Гүлшат Жұмаситова
Саналбай Сәтмағанбетов
Іздібай Өтепов
Жанарбек Қаражанов
Қонай Тулаев
Асқар Төртқараев
Тарас Дәрібаев

Мақсат Қошбаев
Егізбай Қойшыбаев
Сәбит Ыбыраев
Ерік Тоянбаев
Дүйсенбай Айтмұханов
Кенжебай Жалғасов
Аңызбай Дәрібаев
Темірәлі Бекетаев
Құралай Құрманәлиева
Дүйсенбай Қисықбаев
Серік Құралбаев
Римма Балабатырова
Назгүл Қосжанова
Гүлшат Жолдыбаева



ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУ МЕН ОЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ – АТА-БАБАДАН КЕЛЕ ЖАТҚАН САЛТЫМЫЗ.

Сіздердің өмірлік тәжірибеңіз бен ақыл-кеңесіңіз, тәлім-тағылымыңыздың біз үшін орны бөлек. Себебі әрқайсыңыздың қойнауы құтты Маңғыстау өлкесінің өндірістің ошағына айналуына, мұнай мен газдың игерілуіне, саланың өркендеуіне қосқан үлесіңіз бен еңбегіңіз ерен.

Өндіріс ісінің жілігін шағып, майын ішкен білікті маман ретінде талай жасты тәрбиелеп, жұмыстың қыр-сырын үйретіп, Өздеріңіз салған сара жолды жалғастырушы буынды қалыптастырдыңыз. Ізбасарлардың дені бүгінде абыройлы мұнайшы, білікті басшы, іскер азамат.

Еңбегіңіздің зейнетін көріп отырған қазіргі шақта да Сіздер ұрпағыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым мен парасаттың үлгісін танытудан жалықпай келесіз.

Қадірлі ардагерлер! Жеке меншік мерекеңіз құтты болсын! Өмір базарындағы дәуреніңіз таусылмасын, отбасыңыз аман, деніңіз сау, бауырыңыз бүтін, шаттықты күндер көп болсын.

**Игі тілекпен,
«Өзенмұнайгаз» АҚ**

АРДАҚТЫ І АРДАГЕРЛЕР!



Кемел Масабаев
Нұрсәуле Медиманова
Бақтисақ Оразбаев
Доктырбай Жұмабаев
Абдулла Өтегенов
Ержан Қалиев
Ақберген Қарашаев
Сырым Беков
Мұхамедин Ағатаев
Раматулла Жүнісов
Рахия Колчеганова
Иса Құлыбаев
Роман Лұқпанов
Үзілдік Омарова
Ахмет Жандосов
Нұрсұлтан Тұманбаев
Ақзер Нұрмұханбетова
Мадияр Нұрмұханов

ӨзенмұнайГаз

«Өзенмұнайгаз» АҚ әлеужелідегі ресми парақшаларына QR кодты скандау немесе сілтемеге өту арқылы жазылып, компания жаңалығынан хабардар болыңыз.

[www.facebook.com](https://www.facebook.com/ozenmunaigas)



[instagram.com](https://www.instagram.com/ozenmunaigas)



[www.tiktok.com](https://www.tiktok.com/@ozenmunaigas)



[youtube.com](https://www.youtube.com/ozenmunaigas)

